



Автор: Жаркынбекова Лаззат Жаркынбекқызы

Пән: Химия

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Химиялық элементтердің периодтық кестесі

Тақырып: Химиялық элементтердің ұяластары және олардың қасиеттері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Табиғи ұяластар ұғымын білу және сілтілік металдар, галогендер, инертті элементтердің ұяластарына мысалдар келтіру, олардың қасиеттерін білу
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар үшін: табиғи ұяластар ұғымын білу және периодтық кестеден табиғи топтарды көрсете алу, элементтерді табиғи топтарға жіктеу. Көптеген оқушылар үшін: элементтердің ұқсас қасиеттері бойынша топтасатынын, қолдану салаларын білу, анықтамаларын табу. Кейбір оқушылар үшін: табиғи топтардағы элементтердің физикалық және химиялық қасиеттерін салыстыра сипаттау
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: Табиғи ұяластарға енетін элементтерді оқи алады. Пәндік терминология: Сілтілік металдар, галогендер, инертті элементтер Диалогтер мен жазу үшін қолданылатын тіркестер: Табиғи топтарға бөліну ----- химиялық қасиеттерінің ұқсастығына байланысы Бірінің қасиетін бірі қайталайтын егіздер сияқты элементтер топтары----- деп аталады. Сілтілік металдар оңай балқиды, себебі----
Күтілетін нәтиже:	Химиялық элементтердің табиғи топтарын анықтай алады
Бағалау критерийлері:	Табиғи топтар ұғымын және олардың периодтық жүйеде орналасу ретін біледі, түрлерін ажыратады. Табиғи ұяластарға элементтердің қасиеттерінің ұқсастығы бойынша топтасатындығын түсіндіреді. Элементтердің қасиеттеріне қарай ретпен орналасуын және қасиеттерін анықтайды. Сілтілік металдар, галогендер және инертті элементтерді салыстыра сипаттайды
Құндылықтарды дарыту:	Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікті, өзгелердің көзқарасына құрметпен қарау, ынтымақтастық, өмір бойы білім алу қағидатын қалыптастыру
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	Жаратылыстану, физика
Бастапқы білім:	Оқушылар элементтердің металдар мен бейметалдарға жіктелетіндіктерін біледі. 5.3.2.5 7.2.1.2 Периодтық кестенің құрылымын білу және сипаттау: топтар мен периодтар

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	1. Ұйымдастыру Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгендеу. Жақсы көңіл күй қалыптастыру үшін интерактивті тақтадан күннің суреті көрсетіледі. Жақсы іс жақсы сөзден басталады демекші бүгінгі күндеріңіз осы күндей шуақты болсын деген тілекпен сабағымызды бастаймыз. “Molecules and atoms” ойыны арқылы топқа бөлу. I.«Сұрақты ұстап ал» әдісі. Үй тапсырмасын тексерудің мақсаты: оқушы бойына шапшаңдық, қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда), жеке және топпен жұмыс істей білу қабілет дағдыларын қалыптастыру. Нұсқау: оқушылар доп лақтыру арқылы бір-біріне сұрақ қояды. 1.Элементтердің горизонталь қатары қалай деп аталады? 2.Барлығы неше период бар? 3. 1-3 периодтар қалай аталады? 4. 4-7 периодтар қалай аталады? 5. Қысқа нұсқада неше топ бар? 6. Негізгі топша қандай әріппен белгіленеді? 7. Элементтердің вертикаль қатары қалай аталады? 8. Қосымша топшаларды қандай әріппен белгілейді? 9. VII А тобы қалай аталады? 10. I А тобы - қалай аталады? Бағалау «Үш шапалақ» әдісі Периодтық кестемен ойын	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Әр топтың столының үстінде химиялық элементтердің аттары жазылған кеспе қағаздар бар. Сол элементтерді ХЭПЖ табыңдар. Бұл элементтердің барлығына ортақ белгі қандай? (Барлығы бір топта орналасқан, сондықтан қасиеттері ұқсас болады). Қасиеттерінің ұқсастығына қарай біріккен элементтер тобы табиғи топтар деп аталады. Ендеше бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Химиялық элементтердің табиғи топтары. II.Оқулықпен жұмыс. Оқулықтағы§15 бойынша жұмыс жасайды. Тірек сөздерді тауып, анықтамасын жазып алады. "Жигсо" әдісі . Жеке, жұпта, топта жұмыс жасайды. Топтық жұмыс Мақсаты: топпен жұмыс жасау арқылы оқушылар жаңа сабақтың мағынасын ашады. Оқушылар тақырыпты жеке, жұпта, топта жұмыс жасап талқылау арқылы тақырыпты меңгереді. Бағалау: түрлі түсті жетондар арқылы	
Сабақтың соңы	Үйге тапсырма:§15 оқу, №10	
Рефлексия	Кері байланыс: "Нысана" Мақсаты: оқушы өзінің оқудағы кемшіліктерін түсінуге көмектесетін алға жылжыуға нақты қадамдар алады. Оқушыларға оқыту үдерісінде жиі және маңызды кері байланыс ұсынылса оқыту тиімді болады	